

Өскемен қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 24 ақпандагы № 14967 "Өскемен қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 14 қыркүйектегі № 3652 "Соғысқа қатысушылар мен мүгедектер қатарынан Кеңес Одағының Батыры, "Халық қаһарманы", Социалистік Еңбек Ері атағына ие болған, Данқ орденінің үш бірдей дәрежесімен және "Отан" орденімен марапатталған тұлғаларды әскери құрметпен жерлеуге және қабірлеріне құлпытастар орнатуға жұмсалған шығындардың орнын толтыру туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 10 наурыздағы № 15228 қаулысы

РҚАО-ның ескертпесі.

Күжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-1-бабының 8-тармағына, 43-1-бабына сәйкес, Өскемен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Өскемен қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 24 ақпандагы № 14967 "Өскемен қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 14 қыркүйектегі № 3652 "Соғысқа қатысушылар мен мүгедектер қатарынан Кеңес Одағының Батыры, "Халық қаһарманы", Социалистік Еңбек Ері атағына ие болған, Данқ орденінің үш бірдей дәрежесімен және "Отан" орденімен марапатталған тұлғаларды әскери құрметпен жерлеуге және қабірлеріне құлпытастар орнатуға жұмсалған шығындардың орнын толтыру туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы" қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Өскемен қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы"

;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Өскемен қаласы әкімдігінің мынадай қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) Өскемен қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 14 қыркүйектегі № 3652 "Соғысқа қатысушылар мен мүгедектер қатарынан Кеңес Одағының Батыры, "Халық қаһарманы", Социалистік Еңбек Ері атағына ие болған, Данқ орденінің үш бірдей дәрежесімен және "Отан" орденімен марапатталған тұлғаларды әскери құрметпен жерлеуге және қабірлеріне құлпытастар орнатуға жұмсалған шығындардың орнын толтыру туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-1-121 тіркелген, 2009 жылғы 21 қазанда "Дидар", 2009 жылғы 21 қазанда "Рудный Алтай" газетінде жарияланған) қаулысы;

2) Өскемен қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 06 қаңтардағы № 3198 "Өскемен қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 14 қыркүйектегі № 3652 "Соғысқа қатысушылар мен мүгедектер қатарынан Кеңес Одағының Батыры, "Халық қаһарманы", Социалистік Еңбек Ері атағына ие болған, Даңқ орденінің үш бірдей дәрежесімен және "Отан" орденімен марапатталған тұлғаларды өскери құрметпен жерлеуге және қабірлеріне құлпытастар орнатуға жұмсалған шығындардың орнын толтыру туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы" қаулысына өзгерту енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3185 тіркелген, 2014 жылғы 06 ақпанда "Өскемен", "Усть-Каменогорск" газеттерінде жарияланған) қаулысы.".

2. "Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің заңгерлік бөлімі апта мерзімінде әділет органына осы қаулының көшірмесін қоса ұсынумен енгізілген өзгерістер туралы хабарласын.

3. "Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жалпы бөлімі, "Өскемен қаласының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі апта мерзімінде ресми жариялау көздеріне қаулының көшірмесін қоса ұсынумен енгізілген өзгерістер туралы хабарласын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімі аппаратының басшысы Е.А. Шурмановқа жүктелсін.

Өскемен қаласының

әкімі

T. Қасымжанов